


	<p>97-жаттығу. Сөздерді оқы. Қ,ғ дыбыстары туралы не білесің? 98-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерде қандай дыбыстар өзгеріске ұшыраған? Оның себебі неде деп ойлайсың? Ереже: <i>Ғәрпі сөздің соңында жазылмайды. Қ-ға аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, қ дыбысы ғ-ға айналады: қабақ-қабағы, бұршақ-бұршағы, атақ-атағы.</i> 99-жаттығу. Сөздерге ы, і дыбыстарының тиістісін қосып, үлгі бойынша өзгертіп жаз. Сөз соңындағы дыбыстың өзгеру себебін түсіндір. Сабақ, орақ, ұршық, жолақ, парақ.</p>	
Сергіту сәті	<p>Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек? Көңілді болып жүрейік. Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p>	
Ой толғаныс	<p>100-жаттығу. Қ дыбысына аяқталатын бірнеше сөз ойла. Оларды қатыстырып сөйлемдер жаз. 101-жаттығу. Мақалды көшіріп жаз. Қ дыбысы ғ дыбысына айналған сөздерді тауып, оның себебін дәлелде. *Мақалдың мәнін түсіндір. Ойын: «Артық сөзді тап» неге ол сөз артық деп ойлайсың? Дәлелдеуге тырыс. а) Шай, сүт, нан, айран, кітап, сыр, кәмпит, балық, май. ә) Сөйледі, жазды, отырды, Асқар, оқыды. б) Алма, қызанақ, қияр, алмұрт, бидай, апельсин. Қорытынды: Карточка және тесттік жұмыс. Тест. 1. Дыбыстар нешеге бөлінеді. а) 2 ә) 3 б) 4 2. Жуан дауысты дыбыстардың әріптерін тап а) а, ү, о, ұ ә) ы, ұ, а, у б) а, о, ы, ұ 3. Жіңішке дауысты дыбыстардың әріптерін тап а) а, е, о, ү ә) ә, ө, е, і, ү б) о, ә, а, е, ү 4. Жуан айтылған сөзді тап? а) әже ә) ата б) әке 5. Буынға дұрыс бөлінген сөзді тап а) ө-зен ә) өз-ен б) өзе-н 6. Төмендегі сөздің қайсысы дұрыс жазылған а) омар ә) Болат б) әлия</p>	
Үйге тапсырма	102-жаттығу, 36-бет.	Күнделіктеріне жазып алады
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады

Тексерді:

